

балдарын эмгекти сүйгөн, эмгекчил адам болушун, эмгеги менен бактылуу турмуш үчүн шарт түзүшүн каалашкан.

Балдарды эмгекти жана эмгек адамдарын урматтоого, сарамжалдуулукка көп көңүл бурдурушкан. Ар бир үй-бүлөдө эмгек куралдары, ар кандай эмеректер жана мал-жан чоң мааниге ээ болгон. Балдарды малга жакшы көз салууну, аларды уруп-согууга тыюу салышкан. Айрыкча атка карата жакшы мамилеге өзгөчө көңүл буруу менен, аны асырашкан. Бекеринен «Ат адамдын канаты» деп айтышкан эмес.

Сүт менен нанга да өзгөчө мамиле болгон. Сүт жана андан алынган азыктар ыйык деп эсептелген. Аларды жерге төүп, булгоо күнөө деп саналган. Эгерде кимдир бирөө сүттү кокусунан төгүп алса, бармактарынын бири менен сүткө кол менен кечирим сурашып, экинчи антпей турганын билдиришкен. Ошол эле учурда, сүттү өндүргөн адамдардан да кечирим сурашкан. Кыргыз элинде күн баткандан кийин эшикке сүт алып чыкканга, кечинде бирөөлөргө берүүгө катуу тыюу са-

лынган. Аны мындай түшүндүрүшкөн: кечинде сыртка алып чыгуу уйдун сүтүнүн азайышына алып келиши мүмкүн. Элдик салт боюнча жаштарды мал этинен ар түрдүү азык-оокат даярдоого эртелеп үйрөтүшкөн.

Ошондой эле, кыргыз элинде байыртан бери эли «Ашар» салты болгон. «Ашардын» мааниси – адамдардын бири-бирине жардам берип, акысыз кол кабыш кылышында. Мисалы, бир адам тоют даярдайбы, үй курабы же башка жумуш кылабы ага коңшулары, достору, тууган-уруктары, тааныштары ж.б. жардамга келишкен да, ал ишти тез жана оңой бүтүрүшкөн. «Ашарга» катышуу аларга чоң моралдык каннагат алып келген.

Жогорудагыдай салттарды бүгүнкү күндө да жандандыруу, пайдалануу балдарды эмгекти сүйүүгө, боорукерликке, адеп-ахлакка ж.б. тарбиялайт.

1. Т. Максатов, А. Мырсабеков. Улуттук педагогиканын негиздери. Ош, 1996.

2. Белинский В.Г. Собр. Соч. М., 1984 стр. 88.

3. Т. Максатов, А. Мырсабеков. Улуттук педагогиканын негиздери. Ош, 1986. 82-б.

Кұдайберген Тұрсын

ПАРАСАТ ТҰҒЫРЫНДА

Жарты ғасырдан астам тамаша тарихы бар Қазақ теледидарында қаламының қарымы, ойының кемелділігі, қара сөздің кестесінің өзін қиюын тауып қалайтын шеберлігімен көпшілікті тәнті еткен – жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сұлтан Оразалы. Кезінде әдебиет алыптары атанған – Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Сапарғали Бегалин, театр тарланы Жүсіпбек Елебеков, кино жұлдызы Шәкен Айманов, “Адамзаттың Айтматовы” атанған Шыңғыс Айтматовтар туралы талай-талай фильмдерге бергісіз сыр-сұхбаттар жасаған Сұлтан Оразалы “Қазақ зиялылары туралы антология” деген атпен соңғы төрт-бес жылдың көлемінде еліміздегі шоқтықты тұлғалар жайлы фильм-портреттер жасап, көпшілік көрермен назарына ұсынды. Олардың арасында қазақтың ұлы ақыны “Абай”, бүгінгі қазақ әдебиетінің алыбы Әбіш Кекілбайұлы жайлы “Парасат биігінде”, академиктер Салық Зиманов,

Сұлтан Сартаев т.б. туралы он төрт сериялы фильм өмірге келіпті. Осылардың әрбірінде автордың даңғайыр білімділігі, кемел кісілігі, тереңнен толғайтын талғампаздығы, сұңғыла шешендігі қосыла келіп, тұтас бітімге, ортақ ойға қызмет етеді.

Фильмнің бастау тұсында автор: “Әбіш Кекілбайұлы бұл күндері кемеліне келген, толғауы тоқсан сөз өнерінің жемісін көрген, алапат еңбегі мен таланты арқылы атақ-абыройдың биігіне шыққан, бірегей адамның бақ-талайына бітетін қызық-қуаныштың бәрін тартқан суреткер. Ол биік мансаптың буына пісіп, отына шарпылған адам. Бұл ретте отызға келмей ел үкіметін басқарған Сәкен Сейфуллиннен басқа Әбіш шыққан мансап биігіне қазақ қаламгерлерінен ешкім де көтерілген емес” (1,1) ,-деп бас кейіпкерге деген өзінің жүрек түкпірінен шыққан кемелді пікірін білдіреді. Көрермен осыдан кейін-ақ автормен

бірлікте фильмнің қуат пен шуаққа, кісілік пен тазалыққа толы кезеңдеріне тап болғанын дәл басып білгендей күйге енеді.

Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында әдебиет әлеміне “құйрықты жұлдыздай” жарқ етіп еніп, бүгінгі жиырма бірінші ғасырда да сол биіктен әсте төмендемеген, бүгінде руханият әлемінің абызына айналған, кемел парасат иесі - Әбіш Кекілбайұлы туралы екі бөлімді фильм-портретті көре отырып, оның шын талантына тәнті боласың. Тұғыры биік тұлғаның энциклопедиялық жан-жақтылығы, бітім тұтастығы, кемел ойлылығы мен фило-софиялық танымының тереңдігіне де көз жеткізесің. Жылдар қанатында парасат биігіне көтерілген тұлғаның қай салада болмасын алымдылығы мен тағылымды әрі қатпарлы ойларының салиқалылығына куә боласың. Осы орайда сын сарбазы Сағат Әшімбаевтың: “Адамның азаматтық-адамгершілік биік тұлғасын айқындайтын моральдық-этикалық ұлағатты факторлар - әлеуметтік белсенділік пен жауапкершілік сезімді сөз жүзінде ғана емес, іс-әрекет үстінде дәлелдеу немқұрайдылыққа жол бермеудің бірден-бір басы ашық шарты” (2, 238) ,- деген пәлсапасы еріксіз ойға оралады. Кейіпкердің кісілік келбеті мен пенделік кішілігі, қаламының құдіреті мен ой өрімінің мөлдірлігі адами пендені көзге көрінбес, қыл арқанмен тұтқындап ұстап, сөз мәйегінің кәусарынан сусындатады. Содан да болар-ау, қаншама жылдар бойына телеэкран көгінде атышулы ел марқасқаларымен ой бөліскен, танымал телепублицист Сұлтан да бұл ауылға ат басын кеш те болса бір бұрды. Қазақ әдебиетінің кемеңгер алыптары – қос Ғабен, шоң Шыңғыс, кино абызы Шәкен секілді заманының заңғарларымен көзбе-көз, қас қағымда талай-талай танымды да татымды ойларды ортаға салған Сұлтанның “құлын күнінен бірге өскен досының” сыр сандығын ашуға араға ширек ғасырдан астам уақыт салып барғаны да кім-кімді де болса таңдандырмай әрі таңқалдырмай қоймады.

Халқымызда “Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді” деген қанатты сөз бар. Сұлтан аға да кемеліне келген, келісті шағында талайдан толғанып, әбден уақыты пісіп-жетілген, ой қазанында суарылып, ақ тілекке айналған салиқалы ойларын ортаға салуды жөн санаған секілді. Осыдан 40 жыл бұрын өзі жазғандай “Теледидардың сирек қасиетінің бірі – адамдармен таныстыруы. Электронды лампа қазақ топырағында жанғаннан бері экраннан сан түрлі адам жүзін көріп, әр ойлы сөз тыңдап

жүрміз. Сонда, барлап қарасаңыз, он-он бес минуттың ішінде әлгі сөз сөйлеуші адамның кейбір мінез ерекшелігін, ой жүйесін, қабілет-дарын мөлшерін біршама байқауға болады. Телекамераның өткір көзі рентген сәулесі тәрізді оның ішкі сыр, қалтарыс қасиеттерін де шарлап, көп жайды ашып береді. Міне, телекамераның осы дарынын – адам мінезін даралап көрсететін мүмкіндігін тиімді пайдалануға тиіспіз” (3,502), - деген ойларын фильм-портретте де үнемі естен шығармайды. Сұлтан осы жолы да тынымсыз ізденісті фильмге ат қоюдың машақатынан бастапты. Бірінші фильмді Жүмекеншілеп айтқанда “Ақ шағылда туған арман” десе, “Парасат биігінде” атты екінші фильмді “Әбіш Кекілбайұлы – қоғам қайраткері, көсемсөз шебері” деген айдармен әйгілепті. Екі фильмнің атауы да анадайдан көрерменіне қол бұлғап, мені көр, мені қара деп “атойлап” тұр. Көркем дүниенің кісілік келбеті, суреткерлік тереңдігі кез-келгенді өзіне тартып тұратын Әбіштің толыққан-толыққан шағында экранға шығуының өзі де тек авторға ғана аян. Әрі осы қанатты ойларын екі сериялы фильмнің өн бойына айшықты орнықтыра әрі жарасымды кіріктіре де білген. Фильмнің айтары да, айтпағы да, айтқаны да мол. Тума талант Сұлтанның фильмнің беташарын бас кейіпкер Әбіш аға өмірге келген, ол кісіге ерекше ыстық өлке Маңғыстаудан бастауы да әп дегеннен көрерменді еліте әрі еліктіре түседі. “... Оны көргенде жалғыз Жаратушының шеберханасына кіріп кеткендей, өз көзіңе ие бола алмай қаласың. Біреулер оны Маңғыстау елі, мыңдаған жылдар өлкесі, мыңдаған шың құздар мен шыңырау құдықтар аймағы деп атап жатады. Ал маған әлі де сырын аша қоймаған мың құпия, мың жұмбақ ордасындай көрінеді де тұрады” (4,2), - деп басталатын тым-тым тылсым, тым-тым алыс өлкенің абыз Әбіштің өзіне де таныс емес құпиясының қатпарына автормен бірге ере түсіп, ішіне кейіпкермен бірлікте ене түссесің.

Тумысында тамаша телепублицист Сұлтан теледидардағы авторлық-жүргізушілік жұмысын мемлекеттік қызметке айырбастаған кезеңде де көгілдір экранның жаныңды арбайтын, сиқырлы әлемінен ұзап кете алмады. Асау жүрек үнемі бұлқыныста болып, қашанда ой қыспағынан шыға алмады. Жүрек түкпірінде өзі университет қабырғасынан танитын сырлас әрі сыйлас досы, бүгінде “қара жорға” атанып, қара сөзден “түйін түйген”, ой алыптарының бірі әрі бірегейі Әбіш Кекілбайұлы туралы фильм жасасам деген ой маза бермеді. Қимас досы, әрі мемлекет, әрі қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген зор

тұлға жайлы ұзақ толғанды, ұзақ толғатты. Оған негіз де жоқ емес еді. Әбіш жайлы жазу бір басқа да, ал оны қағаздан экранға көшіру, әрі ірі тұлғаның биік бейнесін бір сәтке де аласартпай, бір кадрден бір кадрге биіктете отырып, Алатаудың ұшар шыңына дейін алып шықсам деді. “... Өмірдегі драматизмге толы, шиеленіскен оқиғалардың қиын түйінін шешіп, соның бел ортасында жүрген адамдардың психологиялық құбылыс-күйін, жан диалектикасын сергектікпен бақылау қолында теледидардың құдіретті құралы тұрған режиссерлер мен публицистердің шығармашылығына жол ашпай ма?! Әрине, бұған талант пен тәжірибе керек-ақ” (5,530). Автор фильмде сол дйттеген арманына жетті де.

Ми қайнатар аптап ыстықты күндері дененді күйдіріп, бас айналдырар мидай жазығы сағымдай созылып, жалғыз тамшы судың өзі өміріңнің жалғасына айналатын шеген құдықтың желкесіне отырып ой тиегін ағытқан Әбіш Кекілбайұлының адами келбеті көрерменнің көз алдында кемел суреткердің даңғайыр көсемдігімен қабыса, пенденің туған жерге деген шексіз әрі шетсіз перзенттік махаббатымен қатар өріліп, қойындаса бірге еріп отырады. “Менің бүкіл шығармашылығымның басты тақырыбы ол – осы туған жерім деп айтуға болады. Өйткен себебі, осы жер туралы мен “Ұйқыдан оянған ару” дейтін тарихитанымдық кітап жаздым. Осы жер туралы өзімнің алғашқы повесім, прозадағы алғашқы туындым “Бір шөкім бұлтты” жаздым. Осы жерде өткен балалық шақта көргендерім, естігендерім, менің көзтаныстарымның басынан өткен жағдайды суреттедім. Қажет десеңіз, мен басқа өмірден, басқа өлкелер туралы жазған шығармаларымда да осы өзім көрген өлкенің рельефін, өзім көрген адамдардың мінезі мен сөз реңкін пайдалануға тырыстым” (6,2), - деген жолдарда Әбіш ағаның туған жерге, өскен ортаға деген шексіз махаббаты мен сағынышы жатыр емес пе? Олай емес қой деп ойласаң, экранда Әбекеннің ту сыртындағы санқатпарлы аласа таудың өзі де кейіпкердің салиқалы әңгімесінің құдірет-күшімен іштей болса да бірте-бірте көз алдында жоталана, биіктей түседі. Ал мұның өзін кадрдегі бейнекөрініс пен сөздің жарасымды жымдастығын тұтастыққа айналдырған режиссердің алымдылығына бағалаған жөн. “Аса күрделі адам табиғаты – ішкі жан құбылысынан бастап тырнағының ұшына дейін өзін қоршаған элеуметтік және табиға ортамен үнемі байланыста болады” (5,203). Міне осыны тамаша әрі көпті көрген

кәнігі телепублицист пен ойлы әрі алымды режиссердің ақыл-ойларының тоғысынан келіп туындаған көркем кадрлардың фильм ажарын ашудағы рөлі аса жоғары. Режиссер Артур Алиповтың қырағы көзінен бала Әбіштің жалаң аяқ күндеріндегі өлкенің жусаны мен жуасы да қалыс қалмаған. Қара домалақ баланың “құлдыраң қаға” жүгірген көрінісі кешегі күннің көрінісі мен сан қабат тіршілігінен сені де хабардар етеді.

“Мен үшін ең қымбат қазағымның даласы, оның ішінде Маңғыстау өлкесі” деген кейіпкердің жүрекжарды ойларынан кейін кім-кімде өзі өскен өлкенің жусаны мен жалаң аяқ күндерін аңсайды, балалық шақтарына сағынышпен оралады. Фильмнің қуаттылығын да, берер тағылымын да туған жерге, өскен ортаға деген балаң көңілдің жігіт ағасынан ел ағасына айналса да әлі басылмаған сағыныш сазының үздіксіз жалғастығынан табасың. Құзды таулар, жақпар тастар, тіршілік атаулының мөлдір бұлағына айналған құдық, туған жердің тұғырына балаңған ауыл қариялары да кейіпкердің айтар ойлары мен көңілдегі айтпақ пікірлеріне іштей де, сырттай да фильмде жымдастық танытқан. Оператордың Әбіш аға ағыл-тегіл ой тиегін ағытып отырған сәттегі оның жан толқынысы мен сезім сұлулығын тап басатын сәттері де Есім Даркеевтің талантынан хабардар етеді. Фильмде автор-режиссер-оператор “үш тағанның” ортақ ойларынан туындаған сұлу сәттер кез-келген кадрде алдыңнан шығып, көзді арбайтын сұлу сиқырымен ізінен бүлкілдете ертіп отырады.

Әбіштің балалық шағы да соғыспен тұспа-тұс келді. Ұзақты күн тау басына шығып алып, анасын сағынышпен күткен сәбидің жаралы жүрегіне соғыс салған тауқымет те аз емес. Фильмде сондай сәттердің тірі куәгеріндей болған кадрларды (шахта, поезд, состав т.б.) орынды пайдалану арқылы режиссер кейіпкер сөзін жандандыра түсіп, сол кезеңнің жабырқау сәттерін көз алдына қайта оралтады. Балаң Әбіштің арман арқалап Алматыға келген сәттеріндегі кинохроника (қаланың 50-ншы жылдардағы көрінісі, ҚазМУ-дың үйі, ұлы Мұқанның бейнесі, Әбіштің студент кезіндегі достары) да автордың Әбіш жайлы мықшегедей ойларын шегендей түсіп, кейіпкердің саған беймәлім аралына өзіңді ерте жөнеледі.

Екінші фильмнің арқауы, арқалаған жүгіттым бөлек. Бұл бөлім елге жүрер жолын айқындау әрі азаматқа сын шақтағы Әбіш секілді биік тұлғаның “өмір майданындағы” арпалысы мен жанкешті еңбегіне арналған.

Солай болса да Әбіштің көшбасындағы қоғам қайраткерлерімен тізе қоса, жанын сала еңбек еткен жылдарының шежіресін қаз-қалпында беруге тырысқан. Алмағайып заманда, жүрер жол, бет алар бағыт әлі де айқындала, саралана қоймаған кезеңде Әбіштің Елбасымен қол ұстасып, тізе қосып, халқын қайраңнан алып шыққан тәуекелділігін, парасаттылығын көрсетуді автор мен режиссер мақсат еткен де, сол жолда қабырғалы дүние туындатқан.

Фильмнің екінші бөлімінің өн бойындағы кадрлердің өзінен-ақ автор мен режиссердің ой мен идеясының ортақтығынан туындаған, әрі осылардың тұтастық бірлігінен туған кадрдегі бейнекөріністердің мөлдірлігін байқайсың. Бейнефильм сәттілігін кейде үзік-үзік кадрлердің жүйелі жымдасқан тұтастығынан іздеу де керек. Осы бір сәтте режиссуралық шешімдердің шынайылығынан келіп шығады. Сан алуан бағыттағы, сан қырлы, оператор камерасына іліккен дүниелерден таңдаулыларын алуға да режиссердің көрегенділігі мен талғампаздығы керек-ақ. Кадрде Астана көріністеріне орын беріліп, Мемлекет және қоғам қайраткері Ә.Кекілбаевтың түрлі жиындарда, Парламент отырыстарында сөйлеп жатқан сәттерінің көріністері, Алғашқы тәуелсіздік алған жылдардағы жазушы қатысуымен өткізілген, бүгінде ел тарихына жазылған бейнебаяндар, Ресми сапар кезіндегі сәттер, Елбасының Маңғыстаудың тарихи орындарын аралап жүрген көріністері, Маңғыстау сапарлары, Жоғарғы Кеңес сессияларынан көріністер сап түзеп, тізбектеліп кете береді. Жүздеген, мыңдаған кадрлер біріге келіп, сан үннің басын тоғыстырған ортақ мақсатқа қызмет етеді де бір симфонияның әуен ырғағына толықтай бағынады.

Қос фильмдегі айтылған ойлар тау тұлғалы Әбіштің кешегі балаң күнінен бүгінгі Ел Ағасына айналған данағөй Әбішке дейінгі өмір жолдарын сатылай қамтып, жүйелей желілеп отырады. Автордың Әбіш әлеміне кіруі үшін де ұзақ толғанған, басынан өткерген қияпат күндерін кейіпкердің әңгімеден-әңгімеге көшкен ойларынан соң ғана ұғынғандай боласың. Телегей-теңіз, алапат ойлы Әбіштің кемерінен асыла төгілген, кемелділігіне тәнті бола түскен сайын, күні бүгінге дейін эфирде ешкімнен сағы сынбаған Сұлтанның эп дегеннен сауырға “қамшы салмаған” сырбаздығына көзінді жеткізесің. Жастайынан Әбіш әлемінің жан-жақтылығын зерделеп өскен Сұлтан өзіне таныс болса да, талғамы биік өлкені ой қатпарында қайта-қайта қайната түсіп, сығымдалған, ең салмақты, ең салиқалы көсемсөздерін ғана ой

түкпірінде қалдырыпты. Әрі осы ордалы ойларын фильмде өзінің студенттік кезден күні бүгінге дейінгі жан қиысқан кемел досына қалтқысыз шын көңілден арнапты.

Фильмдегі Әбіш Кекілбайұлы тұлғасын одан әрі биіктетіп тұрған да оның замандас тұстастары, әріптестері, халқының ел таныған қалаулы азаматтары. Халқының “қазанатына” айналған, көсемсөздің шебері Әбдіжәміл Нұрпейісов, қазағымның “төл баласы” Герольд Бельгер, біртуар ел перзенттері Мырзатай Жолдасбеков, Ақселеу Сейдімбек, Төлен Әбдіков сынды азаматтардың Әбіш аға жайлы терең ойлары мен татымды пікірлері фильмнің ажарын аша түсіп, оны одан әрі тұғырлы ете түседі. Герольд ағаның “Әбіште философиялық тұғыр, рухани-әдеби концепция бар” деуі немесе Мырзатай ағаның “Мен төрт данышпанды көрдім, олар Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, ал төртіншісі Ә.Кекілбаев” деп баға беруі де автордың кейіпкер бейнесін алшудағы ұтымды сәттерінің бірі әрі бірегейі.

Автор мен режиссер фильмді жасау барысында кейіпкердің ел басына ауыр шақтар туған бұралаң күндеріндегі қайсарлығы мен қарымдылығын көрсете отырып, оның еңселі, қабырғалы азаматтығынан көпшілікті хабардар етеді. Қиын сәттерде Елбасының қасынан табылып, ана тіліміздің тағдыр-талайы “додаға” түсіп тұрғанда да “аталы” сөзін сөйлеп, көптің тілін тапқан “жолтапқыштығын” әрі Жаңаөзен оқиғасына байланысты қайсарлығы сынды кемелділігін сенаторлар Қуаныш Сұлтанов пен Оралбай Әбдікәрімов, академик Сұлтан Сартаев сынды Ел Ағаларының ойларымен түйіндей түсуі де кейіпкер бейнесін тұлғаландыра, асқақтата түскен. Парламенттегі түйінді, шетін мәселелерді шеше білудегі Әбекеннің көрегенділігі де сол кезеңдегі кадрларды көріп отырғанда, алдыңнан аңдыздап шығып отырады.

“Егемен Қазақстан” газеті фильмнің алғы-сөзінде бұл игілікті іс “Қазақ зиялылары туралы антология” сериясымен дүниеге келген деген пайымды ой айтыпты. Шын мәнінде С.Шәріпұлы теледидардан кеткен 80-ншы жылдардың орта тұсынан кейін де бұл тақырып атаусыз қалған жоқ. Қолға алынған, істелген істер де баршылық. Алайда, жұмыста жүйелілік, істе орнықтылық болмады. Көпшілігі жай хабарлар түрінде атүсті жасалынып, зиялылар бейнелері бойларына дарыған топ бар толқын-толғанысымен ашылмай қалды. Содан бергі ширек ғасырдан астам мерзімде қайта түлеген, қайта қанат қаққан Сұлтан еңбегі еленуге, елеуге тұрарлық “алтын қорға” қосылған мол,

өлшеусіз мұра. Бас кейіпкер Әбіш жазғандай: “Қаның мен жаңынды тулатқан шын тебіреніс, шын толғанысты талап етеді. Онсыз небір керемет ой шын көркем образға, көркем шындыққа айнала алмай, сылдыраған ғұмырсыз құрғақ сөздің кебін киеді” (7,37), - деген ой автордың ізденісі мен ірілігіне берілген баға іспеттес.

Қашанда “ұлылыққа тағзым” еткен әдетіміз бойынша аға Әбіштің 360 әулиенің жері атанған өлкеде Бекет атаның мазарына барып тәу етуі де бүгінгі ұрпақтың жадында сақталып қалатындай ренді әсерде берілген. Қандай жарасымды, қандай ғанибет! Әсіресе, Маңғыстау облысының әкімі Қырымбек Көшербаевтың “... Маңғыстау жерінің тарихын, Қазақ халқының тарихын, бастан өткен теперіштерін Әбекеннің аузынан есту үлкен ғанибет. Өйткені, бұл кісі тірі энциклопедия. Сондықтан халықаралық интеллектуалдық әлеумет ол кісіні (Әбіш Кекілбайұлын) жер бетінің, планетаның ең ойшыл 100 адамының арасына кіргізген. Біз оны мақтанышпен айтамыз” деген пікірінен кейін Әбіш Кекілбайұлы бейнесін сомдаған топтың алдына қандай мақсат қойғандығына айқын көз жеткізесіз.

Әбіш Кекілбайұлы қай қиянда жүрсе де, оның жүрек түкпірінде кіндік қаны тамған өлкенің “қара алтынынан” телегей-теңіз мұхит жасап жатқан атпал азаматтарының биік бейнесі, олардың әрбірінің өмірге деген толағай-тасқын іңкәрліктері кетпейді. Ойын он сакқа жүгірте отырып, қияндағы көзді аштырмайтын құмды дауылдың аспан мен жерді тұтастырған аласапыран кезін көз алдыға ылғи да елестетеді. Сөйтеді де, олардың бойындағы осыған деген төзімділік пен жанкештілікті туған жердің көңілге сыймайтын кіршіксіздігі мен қарапайым пенделерінің кіндік қаны тамған өлкеге деген мәңгілікке байланған адами махаббатынан табады. Ал фильм авторының: “Әбіштің тал бойындағы асыл қасиеттерінің бірі – оның кісілігі, кішілігі, зор адамгершілігі. Ол ханмен отырса да, қарапайым халықтың ішінде жүрсе де бір қалпынан айнымайтын кең пейілі, зор

мейірімі арқылы жұртты өзіне баурап алатын қасиеті. Сондықтан да оның достары көп” (8,234), - дегеніндей, батыс өңірінің мұнайшылары мен малшылары, зиялылары мен қаламгерлері қашанда болсын Әбіш Кекілбайұлын хандай қадірлеп, алақанға салып ардақтап, ағалық ақылына кенеліп жатады.

Бүгінде алыптар тобындағы, қанша тар жол, таңғақ кешуде де халқы, елі үшін “табаны таймай келе жатқан” абыз Әбіштің ұлылығына бас иесіз. Ұстазы, 100 жасаған Еренқұл қарияның шәкіртіне берген “Халқың аман болсын, тыныштық заман болсын, барлығың да осы менің жасыма келіп, жамандық көрмендер, періште әумин десін” деген батасы Жаратқанның “қара жорға” атанған кемел ойлы Әбішіне деген ақ тілеулі батасындай, ойыңнан бір сәтке де шықпайды. Ел таныған, халқы сыйлаған ел азаматтарының асқақ бейнесі экран көгінде замандастарын сүйсіндіріп, ұрпақтарына үлгі болып, бірге бола берсін?!

1. Оразалы С. Парасат биігінде. Телесценарий. – 2009. – 9 бет.

2. Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. – Алматы: Жазушы, 1985. – 238 бет.

3. Оразалы С. Жүректің көзі ашылса. – Алматы: Өнер, 2001. – 784 бет.

4. Оразалы С. Парасат биігінде. Телесценарий. – 2009. – 9 бет.

5. Оразалы С. Жүректің көзі ашылса. – Алматы: Өнер, 2001. – 784 бет.

6. Оразалы С. Парасат биігінде. Телесценарий. – 2009. – 9 бет.

7. Толстой А. Әдебиет жайында. – М. – 1956. – 567 бет.

8. Уақыт және қаламгер. – Алматы: Жазушы, 1984. – 272 бет.

9. Оразалы С. Жүректің көзі ашылса. – Алматы: Өнер, 2001. – 784 бет.

В статье рассматривается фильм-портрет талантливого телепублициста С.Оразалы, посвященный выдающемуся народному писателю А.Кекилбаеву. Автор глубоко всесторонне анализирует своеобразие главного героя фильма.

The article considers the movie-portrait of the talented tele-publicist S.Orazaly that is devoted to the outstanding national writer A.Kekilbayev. The author deeply analyses and reflects on the variety and comprehensiveness of the main person of the movie.